

Ақсу өңірі



Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№9 (10 212)

1 наурыз

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru



330 жыл
Бөрібай батыр

I.ЖАНСҮГРОВ:

Өз елі, өз ерлерін ескермесе,
Ел мегі алсын қайдан

кемеңгерді.



130 жыл

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

МЕРЕКЕНІҢ МӘНІ - АЛҒЫС АЙТУ



кезінде Қазақстан 350 мың эвакуацияланған халықты қабылдады. 50-ші жылдары тың игеруге тағы да 1,5 миллион адам келді. Түрлі жабық әскери нысандар шамамен 150 мың маман мен олардың отбасыларын қабылдады.

Бүтіндей алғанда XX ғасырдың басынан Қазақстанға 5,6 миллион адам қоныс аударды. Ол кезде жергілікті халық шамамен 6 миллиондай адам болатын. Бұларды тарихты білмейтіндер мен Қазақстан қашаннан осындай көпұлтты болған деп санайтындар үшін айтып отырмыз.

Екінші жағынан, сталиндік қылмыстық ұжымдастыру салдарынан 1,5 миллион қазақ аштықтан қырылды. Осыдан-ақ әлемде бірде - бір елдің, бірде-бір халықтың қазақ халқы сияқты демографиялық ахуалда мұндай күйреушілікті бастан кешпегенін және толық жойылып кету қаупі туындамағанын түсінуге болады.

Біз тірі қалдық, топтаса білдік, қатыгезденген де жоқпыз, өшіккен де жоқпыз, XX ғасырдың қатаң қасіреті үшін ешқашан ешкімді кінәлаған да емеспіз. Біз төтеп бере білдік, сталинизмнің бүкіл кінәсіз құрбандарына көмектестік, өз төңірегімізге барлық этностар мен конфессияларды біріктіре отырып, өз тәуелсіздігімізге бейбіт жолмен қол жеткіздік. Бүгінде де біздің еліміз толеранттылық, келісім мен бір-біріне деген сенім негізінде алға қарай қадам басуда.

Біздің көпэтностығымызды саяси жүйе жасанды түрде жасап шығарды. Ол үшін өз ықтиярларынан тыс осы жерге келген адамдар кінәлі емес. Олардың бәрі де бүгінде қазақстандық болып шықты.

Біз бәрін біртұтас, топтасқан халыққа біріктіре алдық. Бұл бүгінде біздің басты артықшылығымыз. Біздің күшіміз де осында.

Л.ҚАСЫМБЕКОВА.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

1 НАУРЫЗ - ПАРТИЯ КҮНІ!

Ортақ мақсатқа жұмылдырушы

Бірінші наурыз - партияның құрылған күні. Осыдан 25 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды.

Сіздерді партия күнімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде біз еліміз сенімді түрде алға жылжу үшін, Тәуелсіздігіміз нығая түсу үшін, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін, барлық қазақстандықтардың игілігінің арта түсуі үшін жұмыс жүргіздік, жүргізе де береміз. Осы уақытта жеткен жетістіктеріміз қатардағы партия мүшелерінің әр күнгі қажырлы еңбегінің арқасы.

Барлық партия мүшелері мен аудан тұрғындарына татулық пен бақ - береке және Отанымыз - Қазақстан Республикасының ұлы болашағы жолында барлық игі мақсаттарға қол жеткізулерін тілеймін!

2024 жылда еліміздің дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан барша қазақстандықтарға мың Алғыс! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Көк туымыз мәңгі желбіреуі үшін аянбай еңбек ете берейік!

С.ЖАКУПОВ,

аудандық партия филиалының төрағасы.

Қоғамдық қабылдау



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы қабылдау өткізді. Қабылдауға келген аудан тұрғындарының жеке сұрақтарының бірі жер мәселесі, "Ауыл аманаты" бойынша несиелі алу жөнінде мәселе, жұмысқа орналасу бойынша сұрақтарын қойып, өз ұсыныстарын білдірді. Қабылдау барысында аудан тұрғындарының өтініші негізінде қолданыстағы заң аясында толық кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

МОНИТОРИНГ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Бүгін "AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалы жанынан құрылған мониторингтік топ жанармай, дәрі-дәрмек және азық-түлік өнімдерінің бағасына мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында жанармай бағасы қаншалықты тұрақты және қолжетімді екені, дәрі-дәрмек бағаларының тұрақты болуын азық-түлік дүкендерінде тауарлардың сатылымдағы бағаларына сәйкес айырмашылықтарына мән беріп, жіті бақыланды.

Алдағы уақытта мониторинг жұмыстары өз жалғасын табатын болады.

Молдияр ҚУАНЫШҰЛЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

АКСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АКСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге,
80 тиын және жарты жылға 2207 теңге 40 тиын.

БАСПАСӨЗ -
2024

Газет индексі: 66750

1 наурыз - партияның құрылғанына 25 жыл!

"САЯСИ ЛТМ: ДЕПУТАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІН ІЛГЕРІЛЕТУ" СЕМИНАР – ТРЕНИНГІ



Жетісу облысында арнайы семинар-тренинг екі күн қатарынан өтіп, онда депутаттар контент жоспар құру, аудитория жинау, негативпен жұмыс істеу және жеке бренд қалыптастыру бойынша дәріс тыңдады.

«Барлық деңгейлі мәслихат депутаттары үшін бұл аса маңызды және қажеттілігі мол семинар деп есептеймін. Дәріс барысын»

да сайлаушылармен байланыс орнатумен қатар, әлеуметтік желі арқылы партиялық жобаларды ілгерілетудің жолдары түсіндірілді, - деді мәслихаттағы «AMANAT» фракциясының жетекшісі Арыстанғали Арын.

Оқыту жұмысын «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы ұйымдастырды. Тренинг ретінде «TuraNews» порталының бас редакторы Алмас Тоқабаев, «Kozildirik Media Group» PR-агенттігінің басшысы Ерлан Мүсіпов, «Basnews.kz» порталының бас редакторы Рамазан Дәулетбаев сынды масса-медиа саласындағы танымал сарапшылар дәріс өткізді. Осыған ұқсас семинар-тренингтер биыл қаңтар-сәуір айлары аралығында еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылады.

Шара соңында барлық деңгейлі мәслихат депутатына арнайы сертификат табысталды.

АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Биыл - Ауғанстан жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 35 жыл. Аудандық "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінде ардагерлерге арнап салтанатты жиын өткізілді.

Өмір сүре білудің қадірін бір білсе, бейбіт күнде соғыс отын көріп келген осы жандар білер! Сондықтан олар достықты, туыстықты, денсаулықты - жалпы тірліктің мәнін жоғары қояды. Олардың әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті - кейінгі ұрпаққа үлгі.



Халықтың қаржылық сауаттылығы бойынша құзыреттерді арттыру



Ағымдағы жылдың 5 ақпанда халыққа қаржылық сауаттылықты үйрету мақсатында «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы шеңберінде «Халықтың қаржылық сауаттылығы бойынша құзыреттерді арттыру» оқу курстары осы аптада Ақсу, Ескелді, Көксу, Панфилов аудандарында жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күні 500-ге жуық адам қамтылды.

Ақсу ауданының тұрғындары «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқуға қатысып қаржылық сауаттылықтарын арттырып, оқуда көп тиімді жақтарын үйреніп жатыр. Оқу барысында тек қана несие өтеу емес, отбасылық бюджетті үнемдеу, сонымен қатар бизнес ашу жолдарында үйреніп жатыр. Жобаға қатысушылар қаржылық мәселелердің қалай туындайтынын, несиелік қарыздар санын азайтудың жолдарын, алаяқтық әрекеттерді қалай анықтауға болатынын үйренді.

Ал, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер компания бюджетін қалыптастыру тәртібі, салық есеп-қисабын ұсынуды және мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қаржыландыру шарттары туралы құнды ақпарат алды.

Тәрбие басы – патриоттық іс – шара



Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай, Б.Сырттанов атындағы орта мектепте, бастапқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Күздеубаев Самат Рахманұлының ұйымдастыруымен соғыс ардагерлерін еске алу патриоттық шара өткізілді. Жастардың патриоттық рухын ояту мен отансүйіштік қасиеттерін арттыру мақсатында ардагерлеріміз сырларымен бөлісті. Шараға мекемелер ұжымы қатысты.

АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС VII – ШІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Конференцияға Жетісу облыстық "AMANAT" партиясының қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Асхат Сейденұлы, аудандық мәслихат төрағасы Бейбіт Жаңылысұлы, бақылау комиссиясының төрағасы Рағиба Ахметқожаұлы, аудандық депутаттар және БПҰ-ның белсенді мүшелері қатысты.

"AMANAT" партиясынан Ақсу аудандық мәслихатына №5 бірмандатты сайлау округі бойынша Жакупов Серікхан Амангелдіұлы кандидат ретінде ұсынылды.

"AMANAT" партиясының Жетісу облыстық конференциясына делегат бойынша бірауыздан Жакупов Серікхан Амангелдіұлы ұсынылды.

Жәніел ЕСІЛҚЫЗЫ,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.

"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



ұйымдастырылды. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесінде - Агротехникалық колледжі, Ақсу Қант зауыты, Өнер мектебі, "Молықбай" мәдениет үйі, "Қарлығаш" балабақшасы, Спорт мектебі, Ақсу су құбыры, Білім бөлімі және Мансап орталығы бөлімдерінің жұмысқа қабылдайтын мамандар қатысты. Қазіргі уақытта "Қарлығаш" балабақшасында II топтағы мүгедектігі бар облыс қызметкері, Спорт мектебінде, Ақсу су құбырында мүгедектігі бар кісілер жұмыс істейді. Жансүгіров ауылының тұрғыны III топтағы мүгедек азаматша "Өнер мектебіне" қойма меңгерушісі орнына қабылданды. Осы жылға Ақсу ауданына 16 квота берілген (мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту). Қазіргі уақытта соның бесеуі орындалды. Жәрмеңкеде бос жұмыс орындарымен қатар жұмысқа орналасу бағытында көптеген консультациялар берілді.

Аудандық партия филиалы, Ақсу ауданы, Мансап орталығы" және "Ақсу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жандарға бос жұмыс орын ұсыну жәрмеңкесі

ТІЛ - ең асыл құндылық



құдіреті ерекше. Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне идіріп әкелуі. Әрине, Абайға дейін де поэзия болды. Бірақ, ол зар заман жырлары мен дастандары. Ал, Абай тілінде сұлулықпен біз айтқан ерекшелік үндесіп жатыр.

Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан Сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі, сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөле ойнауы мүмкін. Мәселен, кезіндегі орхно жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз.

Мәншүк ТЕЗЕКБАЕВА,
Жаңалық ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі, тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Себебі қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Оған басты себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады. Одан қала берді отарға тап

болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады.

Тіл - ең ұлы қару. Тіл - ең асыл құндылық. Тіл - ең керемет қатынас құралы. Өлемдегі ең көп таралған тіл - ағылшын тілі. Себебі, оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал, ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге? Қазақ тілі - өлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің



Тілім менің - таусылмайтын байлығым

Ең құдіретті де қастерлі өз ана тілім. Шыр етіп дүниеге келгеннен бері ана тіліммен өсіп келемін. Ана тілі арқылы алғашқы өліппені таныдым. Содан бері міне, өз ана тіліммен сусынсап келемін. Өз тарихымды танып білдім. Туған тіліміздің абыройын асқақтату - әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт - дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты, білімді, іскер, қабілетті, ұлтжанды етіп қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің атқаратын қызметі өте жоғары. Сондықтан да туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз. Өйткені, тіл - ата - бабамыздан бізге қалған аманаты.

Ата - баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру мына баршамыздың міндетіміз, парызымыз. Тіл арқылы ақындырымыз бен жазушыларымыздың, даналардың сөздерін, өлең - жырларын оқып білеміз, олардан ғибрат аламыз. "Өнер алды - қызыл тіл" деген осыдан шыққан болар. Елінің болашағын ойлаған, құрметпен қараған әрбір азамат ана тілін сақтап қалуы үшін қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Асыл қазынамызға айналған қазақ тілінің құндылығының арта беруіне әрдайым өз үлесімді қосамын.

Тіл - өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу - әр қазақ баласының бірден - бір міндеті болып табылады. Біз, тіліміздің абыройын асқақтатамыз. Биікке көтеріміз деп нық сеніммен айтқым келеді.

Менің ана тілім - шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты тіл. Өйткені өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіме басты себепкер - сол ана тілім! Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап, ананың әлдімінен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім мен үшін ең қастерлі, ең қымбат тіл. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлейтіндерді жиі көреміз. Тіпті, туған тілінен безетін сорақыларды да, менсінбеушілікпен қарап, қазақша сөйлеуге ұялатындарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К.Г.Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам - жәндік» деген сөзі ойыма еріксіз оралады. Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам - ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу - саналы адам болғысы келетін әрбір адамның бірінші парызы. Ол - туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз.

Зүлфия БАПЫШЕВА,
Көкөзек ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ТІЛ - асыл қазына

Жуырда «Тіл - асыл қазына» атты танымдық сағатын ауылдық оқырмандарымен, жастармен, оқушылармен өткіздім. Әрбір тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, сол халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды және шешуші рөл атқарады. Әр тілдің сөз байлығы халықтың рухани өмірін, тарихын, ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесін сипаттау құралы болып табылады. Әрбір ұлттың мінез-құлқы ғасырлар бойы өзінің өмір сүру салтына, географиялық ортасына, әлеуметтік - саяси жағдайына байланысты болып келгендіктен сол ұлттың тілінде, сөздік қорында оның мәдениетіне тән ерекшеліктер сақталған. Тілдің белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында үнемі жаңарып, толығып отыруына байланысты тіл иесінің де рухани дүниесін танытып, оның мәдениетінен де көрініс береді.

Ана тілі - ең басты байлығымыз. Ана тілі - ең ұлы және тамаша тіл. Мен қазақ тілін сүйемін, мақтан етемін. Ең құдіретті де қастерлі өз ана тілім. Шыр етіп дүниеге келгеннен бері ана тіліммен өсіп келемін. Ана тілі арқылы алғашқы өліппені таныдым. Содан бері міне, өз ана тіліммен сусындап келемін. Өз тарихымды танып білдім. Туған тіліміздің абыройын асқақтату - әрбір азаматтың борышы. Сондықтан да туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз. Өйткені, тіл - бізге ата-бабамыздан қалған мирас. Ата - баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру баршамыздың міндетіміз. Б.Момышұлының "Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту", - деген болатын. Мен өз тілімді мақтан тұтамын. Ұлтын сүйетін әр қазақ өз тілінде сөйлеу білуі қажет деп ойлаймын. Кейбір адамдар қазақ



тілін бұрмалау және сөздерін өзгерту арқылы тілімізге зиян келтіреді. Әсіресе, бұл әрекетке менің қатарластарым, яғни жасөспірімдер жақын. Қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Әсіресе, қалалық жерлерде үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді, оны өздерінің зор жетістіктері деп санайды. Абай атамыздың «Қайран тіл, қайран сөз - наданға қадірсіз...», - деген сөздері осындай жастарға арналған сияқты.

Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз - өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анандай сүю. Сондықтан біз өзіміздің ана тілімізді, көзіміздің қарашығындай сақтап, орынсыз шұбарлануына қарсы тұруымыз керек.

А.РАЙЫМҚҰЛОВА,
Ақсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы.


Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру туралы

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы қызметті алушыларға қажетті барлық ақпарат округ әкімдігі ғимаратында мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен ережелері ақпараттық стендте орналастырылған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған тоқсан сайын іс-шаралар, түсіндіру жұмыстары, кездесулер, сұхбаттар өткізіледі. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа хабарланып отырады. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында мемлекеттік қызметті электронды түрде алу тәртіптерін насихаттау жөнінде брошуралар таратылады.

Округ әкімдігінде азаматтарға арналған электрондық қызмет көрсету бұрышы қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Электрондық қызмет көрсету бұрышында халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінбей бір қатар анықтамалар мен мемлекеттік қызмет түрлерін «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы цифрлық қол таңбалары бар, ауыл тұрғындары алуға болады.

Электрондық қызмет көрсету бұрышында жеке азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерінің электронды цифрлық қолтаңбаларын ашуға



қолайлы жағдай жасалған. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда. Электрондық қызмет түрлерін алуға жүгінген азаматтарға қажетті кеңес беріліп, үйрету, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің телефон номері мен QR код арқылы жүгіну туралы нұсқаулық қазақ және орыс тілдерінде ілініп тұр.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлер қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген.

Қызмет алушылардың сұраныстарын арттыру және мемлекеттік қызмет көрсетуді арттыру мақсатында ҚР-ның заңнамаларын сақтау мәселесі ұйымдастырылды. Округ әкімі аппараты жеке тұлғаларды қолжетімді және сапалы қызмет көрсетуін жалғастыруда.

Г.ЫДЫРЫШБАЕВА,
Жаңалық ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі, «AMANAT» партиясының мүшесі.

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР ИЕСІ, ДАНА ДА, ДАРА ҰСТАЗ!



озат еңбеккерлерден топтастырылған делегаттармен бірге Болгария, Румынияға барып қайтты. Панфилов педагогикалық училищесін, Талдықорған педагогикалық институтын, КазГУ-дың журналистика факультетін сырттай оқып тәмамдады.

1966 жылы алғашқы педагогикалық еңбегін Жаңатілеу орталау мектебінде, кейінірек ГЭС бастауыш мектебіне ауысты.

1968 жылы ГЭС бастауыш мектебінің ашылуына мұрындық болып, оның негізін қалаған, 11 жыл осы мектепте еңбек еткен де Закира Нұрышқызы еді.

1979 жылы аудандық оқу бөлімінің шешімімен Закира Нұрышқызы Октябрьдің 60 жылдығы (Сыдықов) орта мектебіне ауысты.

Шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие бергені, сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарға белсенде араласқаны үшін бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық білім саласының және кәсіподақ ұйымының «Құрмет Грамоталарына» ие болды.

1974, 1978, 1981 ж. Қазақ ССР оқу министрлігінің "Құрмет Грамоталарымен" марапатталды.

1981 – 2009 жылдары аудандық бастауыш класс мұғалімдері әдістемелік бірлестігіне жетекшілік етті.

1981 жылы Павлодар қаласында өткен Республикалық педагогикалық оқуға қатысты. «Бастауыш кластардағы математика сабағын қызықты да сапалы өткізу» - тақырыбындағы іс-тәжірибесі кітапша түрінде республика көлемінде таратылды.

1982 жылы Қазақ ССР Оқу ісінің озық иегері атанды.

1981 - 1992 жылға дейін Обл - ИИУ-да бастауыш класс мұғалімдеріне математи-

калық семинарын ұйымдастыруға басшылық етті.

«Сергіту сәті», «Бастауыш кластарға арналған математикалық ойындар» кітапшалары облыс делегат мұғалімдеріне 200 дана тегін таратылды.

1991 жылы «Еңбек ардагері» куәлігі, медалі табыс етілді.

1981 - 1996 жылға дейін республикалық «Бастауыш мектеп» журналының штаттан тыс тілшісі болып, өз іс-тәжірибесімен және ауданның озат мұғалімдерінің іс-тәжірибесін республика көлемінде жария етіп отырды.

1987 - 1994 жылдары аудандық оқу бөлімінің шешімімен аудандық әдіс бірлестігінің жоспарымен бастауыш класс мұғалімдерімен «Бастауыш класта оза, жеделдете оқыту» тақырыбын негізге алып, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру мақсатында семинарлар, пікірталастар, диспуттар, ашық сабақтар байқауын ұйымдастырды, өткізді.

1995 - 2009 жылдары ауданда «Жаңа педагогикалық технологиямен оқыту» мақсатында жұмыс істейтін «Озат тәжірибе» мектебін басқарды.

Ауданда методикалық кабинеттер жабылып, мұғалімдер қауымы методикалық әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалануға күрт қиындық туған, дағдарысқа ұшыраған кезінде «Озат тәжірибе» мектебі жас ұстаздардың іс - тәжірибесін жетілдіруіне, тәжірибелі ұстаздар еңбектерін жария етуіне нәтижелі ықпал етті.

Ауданның білім сапасының көтерілуіне бірден - бір көмек болды.

Облыстың басқа аудандарының білім саласындағы қызметкерлеріне үлгі болды. Олар тәжірибе алмасты.

2006 жылы «Ақсу ауданының бастауыш

Закира Нұрышқызының жарты ғасыры білім саласында қажырлылықпен еңбек еткендігі, өз мамандығын сүйгендігі, ізденімпаздығы, жаңашылдығы, еңбекқорлығы – ұстаздың дара да дана екендігін айқындайды. 1964 - 2012 жылдары оқытқан оқушыларының 25-і Алтын белгіге, тағы көптеген оқушылары «Ерекше аттестатқа» ие болғаны белгілі.

Жас ұрпақтарға сапалы білім беру жолында аянбай еңбек етіп, іс-тәжірибесімен аудан, облыс, республика мұғалімдерімен бөлісе білген, жылдар бойы жас ұстаздарға методикалық көмек ретінде, көмекші құрал - кітапшалар жазып таратқан. Аяулы ұстаз зейнеткерлікке шықты.

Алайда, зейнеткер Закира Нұрышқызы шаруа қожалығын құрып, балаларына көмек қолын созды. Қазіргі таңда шағын шаруа қожалығы аудан экономикасының өркендеуіне мейлінше үлес қосуда. Сондай-ақ, Нұрышқызы аудандық «Ақсу өңірі» газетінің сүйікті оқырманы. Аудандағы өзекті мәселелерді көпке үлгі еңбек адамдары, халық жанашырлары туралы жазып, жариялап, халықты хабардар етіп отырады. Аудан жүрегі «Ақсу өңірі» газетінің жанашыры.

2019 жылы Закира Нұрышқызы ауданда өткен «Сыбайластық - жемқорлық» туралы жарияланған жазба конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанды.

Ұстаз сыры: «Зейнеткерлікке шыққанша бар ойым-мақсатым – шәкірттерге сапалы білім беру, жеке тұлға қалыптастыру болса, жүрегім – мектептің, ауданның беделін көтеру, аянбай еңбек ету», - деп соқты.

Енді зейнеткер кезінде: «Жанұя – балаларыма мүмкіндігімше көмегімді тигізсем, пана, тіреу болсам», деймін.

Жылдар бойы жинақталған өлең - шығармаларымды топтастырсам, кітап ретінде шығарсам, сондай-ақ, «Жетісу жұлдыздары» атты кітабымды аяқтап, оқырман жерлеріме ұсынсам – деймін», - деп ой бөліседі ұстаз.

Закира Нұрышқызы ардақты ана, сүйікті әже. Әрбір ісі дана, қоғамға, өмірге деген көзқарасы жаңа ізгілікті жан. Ерен еңбегімен елге танымал. Қызы Сәулет ана жолын қуған білікті, еңбегімен елеулі ұстаз. Немерелері - Ләззат, Аида, Әлішер, Бақыт, Данияр өлең жазумен әуестенеді. Поэзияға жандары құмар. Барлығы да әже көз қуанышына айналған. Ләззат, Аида, Әлішер, Бақыт - жоғарғы оқу орнын бітірген, мамандық иелері, қызметте. Ал, Данияр Жетісу Университетінде озат – студент. Шөберелері: Гүлнұр мен Асылым күн санап өсуде.

Әрбір адам болашағының бақытты, келешегінің кемел болуы үшін сапалы білім мен тәлім - тәрбие беріп, тәуелсіз еліміздің болашағы – өскелең ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше. Өйткені, адам бойындағы ең асыл қасиеттерді жас ұрпақтың санасына дарытатын ұстаздар қауымы. Зейнеткер, ардагер - ұстаз, «Қазақстан Республикасының оқу ісі үздігі», «Ы.Алтынсарин төсбелгі» иегері, «Еңбек ардагері» Закира Нұрышқызына арнап Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінде бастауыш сынып кабинетінің ашылу салтанаты болды.

Біз де осы салтанатты шараның куәсі болдық. Кешке жиналған қауым өте көп. Әдемі сазды әуен ойнап тұр... Домбыра оркестрі, ұлттық көйлек киген қыздар бір жақта, екінші жақта бастауыш сынып мұғалімдері қол шапалақтап қарсы алды. Шараны мектептің дарынды оқушысы Айзере «Ұстаз Ана» әнімен ашты.

«Өнегелі ғұмыр иесі, дана да, дара ұстаз!» атты мерекелік кешке Ақсу ауданының білікті де, білімді азаматы Бегімбек Сейфулмәлікұлы, Ғалия Кеңесқызы, білім бөлімінің басшысы Айдынбек Құмарбекұлы, мектеп директоры Әділжан Махмұтжанұлы, «Еңбек ардагері» Рима Жексембекқызы, ардагер - ұстаз Алмагүл Байтұрсынқызы, «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясы атынан мектеп директоры Бекболат Жұмаханұлы мен ардагер - ұстаз Қарлығаш Қазықызы бастаған делегация және алыстан келген Нұргүл Қырықбайқызы және осы мектептің ардагер - ұстаздарына сөз берілді.

Бала жанының бағбаны. Жарты ғұмырын оқушылар тәрбиелеуге арнаған кеш қонағы, ауылымыздың қадірлі ақ жаулықты анамыз, зейнеткер, ардагер - ұстаз Закира Нұрышқызының дарынды шәкірті Данияр Тұрғанбекұлы бастаған дәріс алған шәкірттеріне де кезек келіп, тілектерін айтып, Закира апайға шапан жапты.

Оқушылар мың бұрала би билеп, тақпақтар айтып, әсем әннен шашу шашты.

Ісім оңсын десеңіз, Сол істің маманы болыңыз. Даңқың шықсын десеңіз, Көпшіліктің адамы болыңыз, - деп Әл - Фараби атамыз айтқандай, өз ісінің маманы бола білген бүгінгі шарамыздың қонағы - зейнеткер, ардагер - ұстаз, Қазақстан Республикасының оқу ісі үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгі иегері Закира Нұрышқызы білім беру саласында 45 жыл еңбек етті. Енді ардагер - ұстаздың өмір жолына тоқталсақ.



Закира Нұрышқызы 10 ақпан 1945 жылы Абакумовка (Жансүгіров ауылы) селосында өмірге келді. Адам өз өмірінің - сәулетшісі. Даралар да, даналар да қонақ болып өтетін мына дүниеде өркім өз өмір соқпағын өзі сомдайды. Сол өмір мәнді, сәнді, мағыналы да мазмұнды болуы сол өмір иесінің қарымы мен қасиетіне байланысты.

1951 - 1961жылдар Чапаев (Сықымов) мектебінде орта мектепті оқыды.

1962 – 1963 жыл аралығы Ақсу ауданы комсомол комитетінің үндеуімен, шешімімен мектеп бітірушілер (ауылшаруашылығына) мал шаруашылығына жаппай көмекке 2 жылға жұмылдырылды.

Мектеп қабырғасынан жаңа ғана шыққан түлектер мал шаруашылығына жұмысқа кірісті. Солардың бірі - Закира Нұрышқызы еді. Сүт бұғағын ағызған, еңбекке икемді Закира апай аудандық совет депутаты болды. Облыс көлемінде

кадан практикалық сабақ берді.

1990 жылы ұзақ жыл облыстық бастауыш класс мұғалімдеріне көрсеткен методикалық көмегі бағаланып, ортадан оза шығып, «Озат – лектор» атағы берілді.

1988 жылы аудандық, облыстық насихатшылар байқауында I орынға ие болып, «Сочи» курортына тегін жолдама алды. «Озат-насихатшы» сертификатына ие болды.

1987 жылы «Әдіскер – мұғалім» атағын алды.

1987 жылы аудан мұғалімдерінің сенімін арқалап «Облыстық жыл мұғалімі» конкурсына қатысып, «Қапал – Арасан» курортына жолдама мен бағалы сыйлыққа ие болды.

1990 жылы Қазақстан Кәсіподақтар XIV-съезіне делегат болып қатысты.

1990 жылы «Бастауыш кластарға арналған математикалық ойындар» кітапшасы жарыққа шықты.

1991 жылы ауданда өткен облыстық

класс мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен кітапшасы облыстық білім беру басқармасының нұсқауымен ОблИИУ-дан кітапша болып шығып, облыс көлемінде таратылды.

1996 - 2009 жылдары ата - аналардың сұрауымен, қолдауымен мектепте (Сыдықов мектебі) өнерге бейім оқушылармен «Тамаша» ойын - сауық отауын ұйымдастырды, өнерпаз – шәкірттер ауданның басқа мектептеріне барып өнер көрсетіп, тәжірибе алмасты. Осылайша «Сыдықов атындағы орта мектеп мерейін аудан жұртшылығы алдында үстем етті. «Тамаша ойын - сауық отауы» атты тақырыпта концерт ұйымдастырды. Жиналған қаржымен класс кабинетін (7 кабинет) заман талабына сай жабдықтап, тірі табиғат мүйісін ұйымдастырды.

2005 жылы Закира Нұрышқызының аты ауданның «Құрмет кітабына» енді.

2007 жылы ардагер - ұстаз "Ыбырай Алтынсарин" төсбелгісімен марапатталды.

Ұстаз - ана еңбегін әріптестері, шәкірттері, ата-аналар, барша қауым мақтан етеді. Закира Нұрышқызы дана да дара ұстаз!

Закира Нұрышқызының еңбек жолында көрініс тапқан авторлық бағдарламаларымен таныстыру.

Шара барысында ақын ұстаздың «Кім боламын?» атты жинағынан 3-сынып оқушылары үзінді оқыды.

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген ұстаздарға ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас - көз бола білген ардагер апайдың орны ерекше.

Ұстаздың салған сара жолы - ұстаз жолы – ұлы жол.

Шара соңында Закира Нұрышқызы жиналған қауымға тілек білдіріп, рахметін айтты.

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ.

ТӘЛІМДІ КЕЗДЕСУ



атаындағы мәдениет үйінде жастарға патриоттық тәрбие беретін тәлімді кездесу өткізді. Негізі Жетісу облысы бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерлерінен екі – ақ батыр қалды. Оның біреуі біздің ауданда. Президент Жарлығымен Ауған соғысы, Тәжік – ауған соғысы және осы Таулы Қарабақ қақтығысына қатысқан жауынгерлер Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестірілген.

Кездесуге Жетісу облыстық Таулы Қарабақ қақтығысы ардагерлерінің төрағасы Дәукен Найзабеков, көршілес аудандардың және ауданымыздың ардагерлері келіп қатысып, жастарға патриоттық тәрбие беретін тәлімді әңгімелер мен естеліктерді айтып, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Кездесуге сондай – ақ, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының міндетін атқарушы Қуаныш Асқарұлы, Сәтбаев және

Сықымов атындағы орта мектептерінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері Талғат Боранбайұлы мен Ешмұханбет Айтұлы оқушыларымен келіп қатысты.

Шара барысында ауданымыздың Таулы Қарабақ ардагерлеріне «Қазақстан ардагері» медалі табысталды. Атап айтқанда, Қазбек Молдамұханов, Еркін Сағымбеков, Хамит Күзембаев, Нұрлан Түктібаев, Қайыржан Тұрсынұлы, Арман Жиенқожанов, Қайрат және Талғат Бековтар, Сәкен Ноғайбеков, Жақсылық Оспанғалиев және Еркін Тұрсынбеков. Осы батырларымыздың арқасында және Халықаралық бітімгерлердің қатысуымен 1994 жылы Армения мен Әзербайжан арасында атысты тоқтату туралы уағдаластық жасалған. Алайда, соған қарамастан, даулы аймақпен шектесетін сызық бойында әзербайжан мен армян әскері арасында бұған дейін де, қазір де кішігірім қақтығыстар тыйылмай тұрған сияқты. Ел аман, жұрт тыныш болсын.

Ербол СЫМХАНОВ.

ала бастағанда Таулы Қарабақ автономиясы Әзербайжаннан бөлініп, Арменияға қосылуға әрекет жасады. Ескі жараның аузы ашылып екі елдің арасындағы бұрынғы жанжал қайта жанданды.

Осы даудың қысқаша тарихы осындай. Осы қақтығысты тоқтатуға Қазақстаннан, яғни, кезіндегі Кеңес әскерлері жұмылдырылды.

Біздің ауданымыздан аталмыш қақтығысқа қатысқан он бір ардагер бар екен. 23 ақпан Кеңес әскерлерінің күніне орай Жетісу облысы Таулы Қарабақ ұлтаралық қақтығысының ардагерлері қауымдастығы аудан орталығындағы "Ақын Сара"

Таулы Қарабақ қақтығысы — негізінен этникалық армяндар мекендейтін Таулы Қарабақ аймағына байланысты Армения мен Әзірбайжан арасындағы этникалық және аумақтық қақтығыс. Таулы Қарабақ — Кавказ тауының етегіндегі аймақ, тау ішіндегі табиғаты тамаша өңір. Таулы Қарабақ деп аталатын осы өлке ұзақ ғасырлар бойы бірде Ұлы Армения мемлекетінің, бірде Қапқаз Албаниясының, бірде Армян эмиратының құрамында болып келді. Міне, осы таулы Қарабақ — даулы қара баққа айналды. Қазақша айтқанда «Жер дауы, жесір дауы». Бұл талас бұрынғы кезде де болған екен.

Кейін екі ел де Кеңес одағының құрамына енгеннен кейін Коммунистік партияның Орталық комитеті Таулы Қарабақты Әзербайжанға беру туралы шешім қабылдады. Аймақта Таулы Қарабақ автономиялы мемлекет құрылып, Әзербайжан КСР-не қосылады.

КСРО кезінде армяндар мен әзербайжандардың арасында кикілжің бола қоймады. Бірақ, тоқырау жылдары кеңес құрамындағы елдер тәуелсіздік



ӨРТТЕН АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!



Өрт – тілсіз жау. Оның салдарынан түрлі қайғылы жағдайлар орын алуда. Әсіресе, жылыту маусымында жеке тұрғын үй секторларында қатты отынмен жағылатын пештерді және электр жылытқыштарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты жызуынан, қаланған кірпіштерде қызықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш ауызынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады.

Пешпен жылытуда қауіпсіз және ұзақ пайдалану үшін, келесі талаптарды есте сақтаған жөн, пеш және басқа да жылыту құрылғылары тұтанғыш заттардан алысырақ орналастыруы тиіс, сондай-ақ, пеш алдындағы еденге, көлемі 0,5x0,7 м қаңылтыр орнатылуы қажет. Жанып тұрған пешті бақылаусыз қалдырғаннан жиі өрттер болады. Қатты аяздарда пешті ұзақ пайдалану, оның жекелеген бөліктерінің қатты қызып кетуіне әкеп соқтырады. Егер осы қатты қызып кеткен бөліктері ағаш қабырғалар немесе жиһаздарға тиіп тұрса, өрттен қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан пешті күніне 2-3 рет, 1-1,5 сағаттан ғана жағу ұсынылады. Пешке жақын және тікелей оның үстінде, тұтанғыш

мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды.

Жылыту маусымы алдында, пештерді және түтін тарту жолдары жағдайының дұрыстығын тексеріп, ыстан тазалап, жарықтары болса, құм-саз сылағын жүргізіп, түтін мұржаларын өктеген жөн. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйелерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Температураның төмендеуіне байланысты, электр жылытқыш құрылғыларын қосу көбейе бастайды, тиісінше электр желісіне күш түседі. Жиі пайдалану салдарынан табиғи ескіруден, жоғары қуатта қолданылған электр желісінің қысқа тұйықталуы, өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін барлық талаптарды сақтау қажетті. Ең бастысы қалдырмауларыңызды, қауіпсіздік ережелерін үнемі олардың естеріне салуларыңызды, төтенше жағдай орын алған кезде «101», «112» шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін жаттатуларыңызды сұранамыз.

Қателіктер қайталанып, екініштен бармақ тістемейік десек, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға ықыласты болғанымыз жөн.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.



КІТАП - БІЛІМ БҰЛАҒЫ

“Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге”
Абай ҚҰНАНБАЕВ.

“Тоғыз айға 9 іс - шара” тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Республикалық ғылыми-педагогикалық “Оқуға құштар мектеп” республикалық челлендж аясында “Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен” коммуналдық мекеметтік мекемесі ағымдағы жылдың 28 ақпан күні өз жалғасын тапты. Яғни, оқушылардың кітап оқу белсенділігін арттыруға және оқу мәдениетін дамытуға зор ықпал етеді. Көркем - өдеби шығармаларды оқу барысында білім алушылардың рухани дүниесі байиді, ой - өрісі мен дүниетанымы кеңейеді. Осы мақсат негізінде 9 - сынып оқушылары “Оқуға құштар мектеп” челленджі отандық озық шығармалар ішінен ХХ ғасырдың ең жарқын тұлғасы, белгілі жазушы, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының “Үшқан ұя” шығармасының негізгі идеясы, отбасы құндылығы, ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ, жүруді бала Бауыржан енесінен үйренгендігі туралы дәріптейді. “Үшқан ұя” адамгершілікке үндейтін, тәлім - тәрбие беретін көркем туынды. Адамның асыл қасиеттерін қадірлейтінін айта келе мектебіміздің 8 - сынып оқушыларына челленджді жолдаймыз. Ендеше тағылымы терең құнды кітапты бірге оқиық!

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері.



Тіл тағдыры - ел тағдыры

Ұлтымыздың ұлылығының үлкен айнасы қазақ тілі өзінің бар болмыс - бітімімен, сән - салтанатымен жан - жақты көрінген бай тіл.

Тіл - тек қарым - қатынас құралы емес, еліміздің биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Президентіміз жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттардың бірі - мемлекеттік тілді жан - жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді. Осы басты құндылығымызды шұбарламай, таза күйінде келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында жыл сайын ұйымдастырылатын «Тіл тазалығын сақтайық!»



қанатымның», - деп ақиық ақын М.Мақатаев жырлағандай өз тілімізді қадірлеп құрметтей білейік.

Тіл туралы ай сайын кітапханамызда өткізіліп отыратын мәдени іс -



акциясы биылғы жылы да Егінсу ауылдық кітапханасында жалғасын табуда. Осындай игі бастаманы бүкіл халық болып қолдасақ тіліміздің мәртебесі асқақтай беретіні анық.

Тіл - ұлттың ұлт болып қалыптасудағы негізгі шарты болып табылады. «Өнер алды қызыл тіл», - деп дана бабаларымыз тілге, тілдің атқаратын қазметіне үлкен мән берген. «Қасиетін сезем деп ана тілдің, қауырсыны қалмады

шараларымыздың өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына ана тілін құрметтеп, туған өлкенің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, табиғатын танудан, ақын - жазушыларын ардақтаудан басталатынын насихаттау.

Гүлжан МАДЫҒАЛИЕВА,
«AMANAT» партиясының мүшесі, Егінсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

"Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері», Еңбек Қызыл Ту Орденнің иегері, еңбек ардагері, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы" жеке қор иесі САДУАКАСОВА Елетай Омарқызының туылғанына 100 жыл!

САДУАКАСОВА Елетай Омарқызы (1924-2008 жж.) – «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» Еңбек Қызыл Ту Орденің иегері, Еңбек ардагері, Ақсу ауданының «ҚҰРМЕТТІ азаматы».

Елетай Омарқызы 1924 жылы Семей облысы, Аягоз ауданы, Сергиополь ауылында дүниеге келген. 1944 жылы Сергиополь мектебін үздік бітіріп, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының физика - математика факультетінде оқып 1948 жылы бітіреді.

Еңбек жолын Талды-Қорған облысы Ақсу ауданында Ақсу селосында бастайды. Жай мұғалім, оқу-тәрбие жөніндегі меңгерушісі, Қ.Сатпаев атындағы орта мектебінің директоры, аудандық оқу бөлімінің методисі. Зейнетті демалысқа шыққанға дейін 40 жылдан астам ұстаздық қызметте болды.

Көптеген жұмыстарды қатар атқарып жүріп, облыстық (1953 ж.), Республикалық Қазақстан мұғалімдер съезіне делегат ретінде қатысты. 1960ж. Қызыл Ту Еңбек Орденімен марапатталды. 1961-1966 ж. Ақсу аудандық жұмысшылар комитетінің



кәсіподақ төрағасының жұмысын атқарды. 1965 ж. Алма-Аты облысының кәсіподақ кеңесінің Құрметті Грамотасымен марапатталды, 1969 ж. «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогымен, Садуа-

касова Е.О. жасөспірімдерге білім және коммунистік тәрбие берудегі табыстары үшін 1978 жылы Қазақ ССР оқу министрі және Оқу - ағарту жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Республикалық комитетінің - ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН наградталды.

Алматы облысы, Ақсу аудандық Маслихаттың 2004 жылғы 13 желтоқсандағы 17 сессиясының №17-70 шешімімен Елетай Омарқызы Садуакасоваға Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Елетай Омарқызының еңбек жолы көпке үлгі. Жастайынан зерделігімен танылған ол өнегелі ісімен елдің есінде қалды. Елетай Омарқызының жеке құжаттары «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалында мемлекеттік сақтауда.

Негізі: 498 қор, 1 тізімдеме, 1,2,9,10 іс.

Г.МЕЙРАМБЕКОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалының директоры.

Арнаулы жәрдемақы

Қаңтар айында ХҚКО-лар арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы алуға 1200-ден астам өтініш қабылдады.

Бұл қауіпті өндірістегі жұмысшыларды әлеуметтік қолдаудың жаңа құралы болып табылады. Қазірдің өзінде республикалық бюджеттен үміткерлерге 160 миллион теңгеден астам қаражат төленді. Еңбек жағдайы зиянды жұмыскерлерге арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы мөлшері екі күнкөріс деңгейін құрайды.

Ол 55 жастан асқан адамдарға тағайындалады және зейнеткерлік жасқа дейін төленеді.

Жәрдемақы алу үшін БЖЗҚ-да кемінде 7 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары болуы керек.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІ.



Арнаулы жәрдемақы: қаңтар айында 160 млн теңге төленді

"Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі

Барлық азаматтарға архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алу, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру: белгіленген нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс, мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейінгі уақыттар ескеріліп, мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорациядан көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі. Жауапты орындаушы құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде екі және одан да көп ұйымдардың сондай-ақ уақыты 5 (бес) жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайларда, мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алушы немесе

оның уәкілетті өкілі жүгінген архивтік анықтаманы орындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- жеке басты куәландыратын құжат немесе өкілдің нотариалды куәландырылған сенімхаты;
- архивтік анықтаманы алушы үшін растауды қажет ететін мәліметтерді, пошталық жағдайда сұрау салынған телефонның, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, стандартта көрсетілген нысан бойынша толтырылған өтініш, (болған жағдайда сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері өтінішке қоса беріледі).

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалына мына мекен-жай арқылы хат жолдауға болады: индекс: 040100, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 61.

Электрондық пошта: aksu.arhiv@mail.ru

А.САРТБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалының архивісті.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалы архивістерінің негізгі міндеті құжаттарды қабылдау, есепке алу, сақтау және пайдалану. Ең өзекті жұмыстарының бірі Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердегі жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұранымдарын қанағаттандыру мақсатында архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер бере отырып, әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұранымдарды да орындау болып табылады. Архив мекемелері берген архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер түпнұсқалық заңды күші бар ресми құжат болып табылады.

«Архив ісі саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 Бұйрығы негізінде архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беріледі, мемлекеттік қызмет көрсету осы қағидалың 2-қосымшасының 6-тармағына сәйкес тегін көрсетіледі.

30 мың теңгеден жоғары көлік салығынан қарызы бар салық төлеушілердің тізімі

№	Аты-жөні	Сомасы	Ауылдық округ
1	КАМЕТБАЕВ ДАУРЕН АЙМУХАМЕТОВИЧ	54 412,17	700209
2	ОРАЗБАЙ САМАУАТ	36 035,00	700206
3	САМИХОВ БАУРЖАН МУХАМЕТКАРИМУЛЫ	57 990,00	700206
4	УАЛИЕВА АЯУЛЫМ ЖЕКЕМБЕКҚЫЗЫ	55 237,00	700206
5	КУШЖАНОВА ДИАНА СОВЕТАЕВНА	317 798,00	700206
6	МҰҚАТҰЛЫ ТҰРАН	46 824,00	700207
7	МАРЛАНОВА АСЕМ БАХЫТЖАНОВНА	42 460,00	700206
8	УМАРБЕКОВ МАРАТ ҚАЙРАТҰЛЫ	71 880,92	700214
9	ОРАЗАЛИН ЖАСУЛАН САБЫРЖАНОВИЧ	42 002,21	700205
10	БЕЛГИБАЕВ ДАРХАН ТИЛЕУБЕКОВИЧ	49 134,00	700205
11	КУБЕНОВ БОЛАТ ТЕМЕРБУЛАТОВИЧ	131 078,00	700206
12	ТУГЕЛБАЕВ АЙДАР МУРЗАБАЕВИЧ	30 810,00	700209
13	ЕСИМБЕКОВ АЙДОС САСАНОВИЧ	33 153,00	700207
14	КОЙАЙДАРОВ НАЗАР ТЫНЫБАЕВИЧ	135 232,00	700206
15	ЖҰМАБЕКОВА КҮЛӘШ СЕРІКҚЫЗЫ	49 447,00	700206
16	САЛАВЕЙ ЕВГЕНИЯ СИГИМУНТОВНА	102 738,00	700212
17	НУРБАЕВА АЙГУЛЬ СЕРИКБАЕВНА	147 598,00	700206
18	МОЛДАБЕКОВ БЕРИК КЕНДЕБАЕВИЧ	64 662,00	700205
19	ШАРАФУТДИНОВ ТИМУР ШАМИЛЬЕВИЧ	40 331,00	700206
20	ХОДЖАЕВ ИСА АДАМОВИЧ	52 994,63	700217
21	АЛЫБАЕВ НУРЛАН ЖАНАТОВИЧ	170 598,00	700206
22	ТОКТАУОВ ДАРХАН СОВЕТХАНОВИЧ	87 220,00	700206
23	РАХИПБЕКОВ ГАЛИ МУРАТОВИЧ	110 337,00	700206
24	БОСТЕКОВ ШАЛҚАР ЕСКЕЛДЫЕВИЧ	91 908,00	700207
25	МУКАШЕВ БАУЫРЖАН СЕРИКОВИЧ	58 020,00	700203
26	ТҰРХАН ДАУЛЕТБЕК	67 153,00	700202
27	БАЙДАУЛЕТ МҰРАТ	62 398,00	700206
28	САБЫРБАЕВ АСХАТ СЕРИКХАНОВИЧ	33 230,00	700206
29	КУШКУЛАКОВА МИРАМКҮЛЬ НЫСАНБАЕВНА	103 120,00	700211
30	МЕШЕЛОВ НУРСАТ БАКЫТЖАНОВИЧ	72 038,99	700218
31	САДВАКАСОВА КУЛЯЙ УСАНОВНА	40 948,00	700206
32	ЖАНАБАЙҰЛЫ АСЛАН	30 589,00	700212
33	ОРЫСБЕК ШЫҒЫС ҚАСЫМХАНҰЛЫ	47 517,00	700206
34	ЕСКЕНДИРОВ САГЫМ ДАУЛЕТХАНОВИЧ	34 460,70	700206
35	БЕЛОЗЕРОВ АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ	84 032,75	700206
36	СЛАМБЕКОВ РИНАТ СЕРИКХАНОВИЧ	35 760,00	700206
37	МУСАЕВ ЖАРҚЫН ЖҰМАГЕЛЬДІҰЛЫ	84 914,00	700218
38	АБДРАХМАНОВ НҰРЛАН СЕРІКҰЛЫ	31 032,00	700207
39	КУЗЬМИНА ТАТЬЯНА ВАСИЛЬЕВНА	39 008,00	700206
40	АБДУЛЛАЕВ ДАУЛЕТБАЙ ТАЗАБАЕВИЧ	60 090,00	700218
41	САЛХАНОВ АРДАК МЕДЕЛХАНОВИЧ	112 403,00	700218
42	ОСПАНОВ РИНАТ ҚЫДЫРБАЕВИЧ	30 454,85	700206
43	РЫСБЕКОВ ҚУАНДЫҚ САНАТҰЛЫ	33 339,00	700206
44	ИСАЕВ ЕРНАР ДҮЙСЕНҰЛЫ	115 274,60	700206
45	ЖАППАРОВ БЕЙБИТ КУМАРЖАНОВИЧ	137 811,00	700217
46	ЕРБАТЫРОВ БЕРИК ДАУЛЕТКЕЛДИЕВИЧ	44 028,00	700212
47	САЙЛЫБАЕВ МУРАТ ҚОЖАНУЛЫ	58 086,00	700207
48	ДОСТЫБАЕВ КАЙРАТ ТЛЕУГАБЫЛОВИЧ	74 920,00	700206
49	ОШАКБАЕВ МАЛИК АБДРАХМАНОВИЧ	42 882,00	700206
50	КЕЗЕНБАЕВ БАТЫРБЕК АҚЫЛЖАНОВИЧ	40 750,00	700204
51	ЖУМАГАЛИЕВ НУРСУЛТАН МЕНГАЛИЕВИЧ	96 391,10	700206
52	АЙТҚАЛИ НҰР АСҚАРҰЛЫ	30 674,20	700207
53	ОРЫНБАСАРОВ ТАЛГАТ ШАЙМЕРДЕНОВИЧ	37 500,00	700206
54	ТОЛЕУБАЕВ МЕРЕЙ БАУРЖАНОВИЧ	42 796,00	700206
55	АБДРАХМАНОВ САЯТ ЕСИМХАНОВИЧ	39 645,00	700206
56	АДЫЛХАНОВ РУСТЕМ ДЖУНИСБЕКОВИЧ	75 146,00	700206
57	АСҚАТҰЛЫ АНУАР	66 593,00	700206
58	ДУЙСЕМБАЕВ ЕСХАТ БЕИСБЕКОВИЧ	30 530,00	700206
59	БАЙДИЛДАНОВ ЕРЛАН КАЛИХАНОВИЧ	40 160,00	700208
60	ЖУНУСОВ ЕСЕТ ИМАНГЕЛЬДИЕВИЧ	31 343,78	700218
61	БИМАХИМОВ ДАУРЕН НУРБАЕВИЧ	57 639,83	700217
62	КЕҢЕСБЕКОВ МЕЙРАМБЕК ӘДІЛҰЛЫ	62 160,00	700212
63	АРГЫНБАЕВ ГАЛЫМЖАН МЕДЕТБЕКОВИЧ	43 787,00	700206
64	ИДРИШЕВ САМАТ БАЗАРБЕКОВИЧ	286 107,00	700206
65	СУЛЕЙМЕНОВ АСАН ТУРСУНОВИЧ	68 364,00	700211
66	ТӨКЕН ҚАЗЫБЕК	81 207,00	700206
67	БҮРКІТБЕК БАХЫТӨЛІ	48 280,00	700206
68	БИСИМБИЕВ ЕРЛАН ТАЛАСБАЕВИЧ	164 590,12	700217
69	СЕЙСЕНБАЕВ МИРАС СУЛЕЙМЕНҰЛЫ	44 838,02	700206
70	ИНТЫМАКОВ АИТМУКАМЕТ БЕКТУРСЫНОВИЧ	306 323,00	700206

Құрметті салық төлеушілер!

Ақсу ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 2023 жылға жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салықты 2024 жылдың 1-сәуірінен кешіктірмей төлеу қажет екенін ескертеді.

Уважаемые налогоплательщики!

Управление государственных доходов по Аксускому району напоминает о необходимости уплаты налога на транспортные средства физических лиц за 2023 год не позднее 1 апреля 2024 года.

Жалпыға бірдей декларация



2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруға тиіс.

Бұл талап әрекетсіз және қызметін тоқтатқан тұлғаларға да қолданылады. Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайтындықтан, 2024 жылы филиалдар мен өкілдіктердің басшыларында декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындамайды (АК 43-бабының 3-тармағы).

Сондай-ақ, 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны жеке практикамен айналысатын адамдар ұсынбайды.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі барлық азаматтардың активтері мен міндеттемелері туралы декларация беруінен тұрады. Онда жеке тұлғаның барлық мынадай шетелдік активтері, жылжымалы, жылжымайтын мүлкі көрсетіледі:

- шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік;
- шетелдік банктегі 3,5 млн теңгеден жоғары (1 000 АЕК) ақша;
- шетелдік компаниядағы қатысу үлесі;
- бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткойндер және т.б.);
- үлестік қатысу шарты (тұрғын ғимараттағы үлесі);
- инвестициялық алтын (құйма алтын);
- зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері;
- 34,5 млн. теңге (10 000 АЕК) шегінде қолма-қол ақша;
- басқа тұлғалармен нотариалды куәландырылған қарыз шарттары.
- құны 3,5 млн. теңгеден асатын басқа да мүлік (қалауы бойынша) (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және т. б.) – бағалауды 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша декларацияны тапсыру мерзіміне дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет. Кейін жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларация (270.00-нысан) ұсынылады, онда күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, Қазақстанда және шетелде мүлікті сатып алу не иеліктен шығару туралы мәліметтер, сондай-ақ, оларды иемденуге жұмсалған шығыстарды жабудың көздері көрсетіледі.

Осылайша, кірістер мен мүлік туралы декларацияда мыналар көрсетіледі:

- кірістер (жалға беруден, жылжымайтын мүлікті, көлікті, бағалы қағаздарды сатудан, шетелден кірістер және т.б.)
- салық шегерімдері (медициналық қызмет шығындары, қызметтер, білім беру, ипотека бойынша төлемдер, көп балалы отбасылар үшін шегерім)
- өтеусіз алынған мүлікті (жылжымайтын мүлік, көлік, бағалы қағаздар, цифрлық активтер және т.б.) қоса алғанда, мүлікті сатып алу/иеліктен шығару
- қымбат мүлікті сатып алу көздері
- бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткойндер және т.б.)
- үлестік қатысу шарты (тұрғын үй ғимаратындағы үлесі)
- инвестициялық алтын (құйма алтын)
- жеке тұлғалардың нотариалды куәландырылған қарыз шарттары
- шетелдік компаниядағы қатысу үлесі
- шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік
- шетелдік банктегі 7,3 мың АҚШ долларынан (1 000 АЕК) асатын ақша.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

Бруцеллезден сақ болыңыз!



Бруцеллез – жануарлар мен адамдарға ортақ жұқпалы ауру, яғни, бруцеллезбен адамдар да, жануарлар да ауырады, оның үстіне адамдар жануарларды күту кезінде, ұшаны мүшелеу кезінде, қайнатылмаған және пастерленбеген сүт пен сүт - қышқыл өнімдерді пайдалану, шикі немесе жеткіліксіз термикалық өңделген етті пайдалану кезінде жануарлардан жұғады.

Адамдардың бруцеллез ауруына шалдығуына себепкер, негізгі көзі болып қой, ешкі, сосын сиректеу болса да мүйізді ірі қара, түйе, шошқа, марал және тағы басқа жануарлар екенін білуіміз керек. Адамдарға ең қауіптісі — қой-ешкі бруцеллезі. Көбінесе ауру малмен жанасқанда, олардың өнімдерін, шикізаттарын пайдаланғанда немесе алиментарлық жолмен жұғады.

Бруцеллездің қоздырғыштары (бруцеллалар) өте төзімді, сыртқы ортада 45 күнге дейін, сүтте 18 күнге дейін, жаңа мұздатылған етте 45 күннен астам сақталады, тіпті адамның зақымданбаған терісі мен шырышты қабаттары арқылы да ену қабілетіне ие.

Адамның бруцеллез ауруының белгілері екі-үш аптадан кейін, кейде ин-

фекциядан кейін бір айдан кейін пайда болады. Көбінесе науқаста безгегі бар, бас ауруы, әлсіздік, қалтырау және қатты терлеу пайда болады, әсіресе, түнде. Бірнеше күн немесе аптадан кейін бұ-ындарда ауырсыну және ісіну пайда бо-лады. Кейде барлық ауыр құбылыстар тез өтеді, бірақ біраз уақыттан кейін ауру күшейеді. Адам бірнеше апта, ай-лар бойы бруцеллезбен ауыруы мүмкін және міндетті түрде хронизацияға, мүгедектікке немесе ұзақ мерзімді еңбекке жарамсыздыққа алып келеді.

Бруцеллездің алдын алу, сақтық ша-раларын сақтау керек:

- шикі сүт пен сүт қышқылды өнімдерді термиялық өңдеусіз тұтынбау;
- белгіленбеген орындарда сауда жа-сайтын адамдардан сүт пен ет сатып алмау;
- мал базарларында малды сатып алу кезінде жануардың денсаулығы туралы ветеринариялық анықтаманың болуына көз жеткізу қажет.

Индира ОҢАЛБЕКОВА, мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторы.

Ақсудың арыстары елге мәлім



Біз мәдениет қызыметкері ретінде атаулы шараларды еш қалыс қалдыруға хақымыз жоқ. Туған жер үшін және туып өскен елінің тұғырын биіктеткен тұлғалар жайында ой қозғау біз үшін бақыт, мақтаныш. Осы жылдың басты тақырыбы болған Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл толуына орай, шаралар легі басталып кетті деседе болады. Себебі, әр жылы ақпан айында ауылдар ара өтетін көркем өнерпаздар байқауының тақырыбы «Ағынды менің Ақсуым» деп қойылып, жылдағыдай әр жанрды қамтуымен қатар ақын І.Жансүгіровтің өлеңдері мен өмірін насихаттау ретінде сахналық көрініс немесе өлеңдерін мәнерлеп оқу деген тың талап қойылған. Бұның өзі ақын рухына деген текті елінің орасан зор құрметі деп айтқан болар едім. Нақтырақ айтсақ, ақпанның 16 жұлдызында Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінде ауыл тұрғындарынан іріктеп алынған үлкенді - кішілі өнерпаздардың қатысуы мен "Ағынды менің Ақсуым" атты көркем өнерпаздар байқауы өтті. Отан сүйгіштікке баулытын түрлі жанрдағы әндер шырқалып, ой салатын терме, халық өндері орындалды. Түрлі жанрда билер биленді. Жеке аспапта және ансамблде күйлер шертілді, айтыс өнері де бейжай қалмады. Ақ әжелеріміз заман талабына сай халық өндерін

түрлендіре шырқаса, жас-өспірімдеріміз ақын І.Жансүгіров өлеңдерін оқып, сахналық көрініс жасады. Соңы барша ауыл тұрғындарының қатысуы мен хор айтылып, жергілікті композиторларды қолдау мақсатындағы жап-жаңа әнмен түйінделді. Барша қатысушылар белсенді өнер көрсетті. Ауданнан жасақталған қазылар алқасы да алған әсерлерімен бөлісті. Дән ризашылықтарымен білдірді. Көрермен ретінде келген ауыл халқы да кезек-кезек алғыстарын айтып тарасты. Бұл нені білдіреді? Елге, жерге деген шексіз махаббатпен жасалған шараның әр тыңдарман жүрегіне терең ұялап, санасына терең әсер ете алатындығының белгісі. Дәл осындай алғыспен қолдаудан кейін осы салада жұмыс жасағанымызға мақтаныш сезімі билеп, жұмысқа деген ынтымаз арта түсті. «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді», - деп жырлаған Ілияс бабамыздың ішкі ойын дәл осы жерден сезгендей болды. Бір - бірімізді қолдаудан шынайы өнер көрсетуден асқан бақыт жоқ екенін сездік. Туған елдің тұғырын биік көтерер, ұлы тұлғалардың ізбасарлары әлі де көп боларына сеніміміз кәміл. Оларды көлеңкеде қалдырмай, халық арасынан іздеп тауып жарыққа шығару Сіз бен біздің басты борышымыз деп білем. Ел беделін арттырар текті тұлғаларымыз көп болсын ағайын.

Қайдар ЖАҒЫПАР,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.

Рухани жаңғыру жайында қаншама жұмыстар атқарылды, жоғымыз табылып, өшкеніміз жағылып жатқаны баршамаызға белгілі. Бұл жобаны әркім әрқалай түсінуі мүмкін, дей тұрғанмен рухты ел бәрін бағындырары белгілі. Бұл ең әуелі әр адамның анасының жаңғыруы серпініс алуы деп түсінген абзал. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде.

сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кері тартып тұратын аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Бұл - тарлан тарихтың жасампаз бүгінгі күнімен жарқын болашақтың көк жиектерін үйлесімді

РУХЫ БИІК ЕЛ ОЗАР

Өлемде бағыты әлі бұлыңғыр жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде, сана - сезімімізбен дүние танымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ көш басындағы елдермен тереземізді тең етіп, иық тіресу мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы, жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу, онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Сондықтан рух пен сананың жаңғыруы жәй ғана қайталану емес, заман талабына сай жаңарып, түлеп өміршеңдікке ие болғаны абзал. Ел болашағын әр азамат. Азаматша бірге қалыптастыратынын ұмытпағанымыз дұрыс. Рухани жаңғыру негізінде тың ойлар мен тың ізденістер туындатып жастар санасына әсер етіп, елдің жарқын болашағын қалыптастырып жемісі мен жеңісін бірге көрейік ағайын.

Әсем ЕСЕНАМАНОВА,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Бірақ, ұлттық кодыңды

ҚАРАУСЫЗ МАЛ Пойыз ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАУІПТІ



Темір жолда малдың көп жүруі және малдың пойыздың астында қалуы, темір жол бойында бөгде адамдардың жүруі темір жол тасымалына қауіп төндіріп, жүк және жолаушылар пойызына кедергі келтіреді.

Тұрғындармен ай сайын темір жол ережесімен таныстыру жүргізіліп отырады.

Соңғы уақытта жүк және жолаушылар пойыздардың темір жол жүйесіне қараусыз жүрген мал шығып кетуінің салдарынан шұғыл тежеу қолдану фактілері көп орын алуда. Соның салдарынан пойыздар қозғалысының кестесі бұзылып, жолаушылар қалаған жеріне уақытында жете алмайды, жүк пойызында тауарлар да мерзімінен кешігіп жетеді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 408 бабы «ауыл шаруашылығы жануарларын жау қағидаларын бұзу» бойынша үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатыны және де ҚР ӘҚБТК-нің 559 бабы 1 тармағы «темір жолдың бөлінген жолағында мал жау қағидаларын бұзу» бойынша ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатынын ескертеміз.

Елді мекен тұрғындарымен малды темір жолға жақын жерлерге жаймау туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп те жатады. Нұсқаулыққа сай байланған мал темір жол бойынан 300 метр қашықтықта, ал бақташысымен бос жайылып жүрген мал 200 метрден жақын болмауы қажет.

Қараусыз мал пойыз қозғалысына және жолаушылар өміріне қауіп төндіретінін естен шығармайық.

А.НЕСІПҚАЛИЕВ,
Матай станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция аға лейтенанты.

● Қаракөз ауылдық округіне қарасты Бескемпір каналы 04.10.2023 жылдан, бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.
● Егінсу ауылдық округіне қарасты Ащылыөзек каналы 09.06.2010 жылдан бері бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті



сырқат емес. Бұл сырқаттың алдын алып қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек деп санаймын. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Егер пара беру арқылы туыстарды, жақын адамдарды жұмысқа кіргізуді доғаратын болса жастар арасында мықты-мықты іс-шаралары шығар еді, бұл елдің әлеуметтік дамуына үлкен қадам болуына әсер етеді. Яғни, пара беру де, пара алуда пайдалы болмайтындай үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай,

қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

«Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі - моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Өйткені, тәкаппар адам заңдарды бұзбайды. Жалпы айтқандай, егер Сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды.

Г.ЕРКІН,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

Жемқорлық індет, жою міндет

Жемқорлықпен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамаыз үшін маңызды іс.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Жемқорлық ірі немесе ұсақ болып бөлінбейді. Жемқорлықтың аты - жемқорлық. Жемқорлықтың пайда болуы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуының салдары.

Жемқорлықпен күресті рухани сананы тазартудан бастасақ, әрбір адам нәпсінің тұтқындығынан босап, елі мен жеріне адал қызмет етер азаматқа айналар еді. Қазақстанның әрбір азаматы қоғамның жанашыры болып, жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуіміз қажет. Сонда ғана сыбайлас жемқорлықтан таза «Мәңгілік Ел» боламыз.

С.СӘРСЕНБАЕВА,
Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің басшысы, аға сот орындаушысы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2501

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.